Support in this paper is considered as a communicative, pragmatic and psychological attitude of the speaker, which is manifested as psychological reassurance of the addressee in the speech act.

Support intention is implemented in the following types of communicative situations:

1) problem life situations life connected with feelings of disappointment, loss, and failure suggesting the intention of comfort;

2) dialogue situations causing an intention of agreement with the speaker in the discussion of the events, plans, evaluation of the condition of the affairs;

3) situations where some actions have already been done by the speaker and the interlocutor gives him the approval, motivates him to continue doing some other actions.

Accordingly, the following types of support intention and types of speech acts in which they can be reflected were defined: psychological support, support-consent, support in the action and support-approval.

2. Materials and methods.

The goal of the research is to define the types of communicative situations that reflect the intention of support, support speech acts, to study lexical and grammatical means of their expression in artistic texts.

Empirical material of the research is represented by 332 fragments of the conversations' utterances from the American novel "Grapes of Wrath" written by J. Steinbeck, science-fiction novel "Invisible Man" by H.G. Wells, comedy "School for Scandal" by Richard Brinsley Sheridan where communicative support intention is realized.

The following methods were used: analysis of methodological literature; traditional descriptive method of linguo-stylistic analysis by V.V. Vinogradov and I.R. Galperin, including observation, analysis, classification and synthesis of study units; comparative method.

3. Discussion.

During the research, it was found that, the speaker uses all communicative types of sentences in the English language in order to realize the intention of **psychological support**.

Declarative sentences:

- *It ain't your fault.*
- *They wasn't nothing' else to do.*
- *... the thing had to be done. You were in a fix.*
- *O plague on't unkle – 'tis mere nonsense –*
- *I assure you Sir Peter Good Nature becomes you.*
- *"I never blame anyone. It's quite out of fashion"*
- *"Ever'body goes wild. I do too."*
- *"But you ain't got a sin on your soul like me."*
- *"Sure I got sins. Ever'body got sins."*

Imperative sentences:

- *Don't you worry.*
- *Don't pay no mind.*
- *Keep your nerve.*

Interrogative sentences:

- *What you a – mopin' about? If it' sech a nice place why have you got to mope?*
- *Why not? They're pretty nice, them schools.*
- *What you need care, if you have your money's worth?*

Exclamatory sentences:

- *Poor dear Girl – who knows – what her situation may be!*
- *Poor Charles!*
- *Ah! You are both of you too good-natured!*

In most cases an imperative meaning of the sentence expresses the imperative of the verb in the form of the 2nd person. This is a typical way of expressing psychological support in the English language.

- *Don't take no blame.*
- *Come, you sit down to Piquet with Mr. Surface.*
- *Don't worry yourself, Rosasharn. Take your breath in when you need it, an'let go when you need to.*
- *Oh Never – fear.*

- *I know how you're a-feelin', an' I know you can't he'p it, but jus' keep your mouth shut...*

Argumentative statement can convey the speaker's optimism about the outcome of an unpleasant situation which has the addressee or give hope to him. It is constructed as follows: personal / universal pronouns + verb in the form of Future Indefinite/ be going/ not be going + infinitive:

- *You gonna get you some milk today.*

- *They'll be fun. You jus' wait. Be fun purty soon. Git a house an' a place, purty soon.*

- *None of this here talk gonna keep us from goin'there, we'll get then. When we get there, we'll get then. When we get a job we'll work, an' when we don't get a job we'll set on our tail. This here talk ain't gonna do no good no way.*

- *"I haven't the nerve and strength for the sort of thing you want"*

- *"I will stimulate you"*

The construction with "would" also can give to the addressee positive effect and make him self-assured, for instance:

- *I wish you wouldn't. I wouldn't like to mess up your plans, you know...*

- *You'd better not...*

Evaluation of the speaker's situation, presentation causes of the negative state of the addressee are usually implemented in two-part sentences:

- *It's better so.*

- *It ain't your fault.*

- *You couldn't he'p it.*

Elliptical sentences without some parts of the sentences can also express psychological support:

- *Quiet, quiet.*

- *Hush! It'll be awright.*

- *"Well good luck:*

- *"Same to you. So long"*

Support-consent is mostly expressed by declarative sentences:

- *You can turn the lock if you're like that, you know. Any time.*

- *A very good idea.*

- *...So they tractored all the tenants off a the lan'. All 'cept me, an' by God I ain't goin'. Tommy, you know me. You knowed me all your life.*

- *Damn right, all my life.*

Exclamatory sentences were used by the authors of the novels in order to express support-consent:

- *If we could get work*

- *Yeah! If you could get work.*

-

- *It's fact.*

- *Undeniable fact!*

- *... in fact the whole fabric of a man except the red of his blood and the black pigment of hair are all made up of transparent, colourless tissue.*

- *Great Heavens! Of course, of course!*

Support-consent is also expressed in a hidden meaning by means of such interrogative sentences:

- *Why not? You ain't no cripple.*

- *A good – [h]onest Trade you're learning, Sir Oliver –*

- *Truly, I think so – and not unprofitable.*

-

- *Oh, surely she is a pretty woman.*

- *I am very glad you think so ma'am.*

-

Support-consent can be implemented in elliptical utterances:

- ... *Moses would have him inquire if the borrower is a minor* –

- *O yes* –

- ...*so, if Charles is undone. He'll find half his Acquaintance ruin's too , and that, you know, is a consolation* –

- *Doubtless, Ma'am- a very great one.*

- *You're gonna study nights 'bout radios. Ain't you?*

-

- *Yeah, sure...*

Under the speech act of support-consent we can distinguish some several semantic types which depend on pragmatic setting of the speech act:

1. Simple consent shows the speaker's willingness to support the position of the interlocutor, it does not transmit his relationship to her completely. It is implemented by means of words and phrase sentences such as: 'yes' utterances, 'all right' and etc.:

- *All right. We'll go along.*

- *Yeah. He give us the straight talk, awright...*

- *Yes, we would.*

- *Yes, yes...*

- *Right Moses.*

2. Strong consent shows more explicated expression of support – consent with the meaning of reliability such as: confidence, assumption, doubt, uncertainty and etc. It is implemented by word / phrase sentences as 'sure', 'right', and etc., and also by two-part sentences:

- *Damn right.*

- *Sure.*

- *That's true.*

- *Just so.*

- *of course...*

- *Exactly.*

- *Precisely.*

- *Very much.*

- *Yes, indeed!*

- *Yes, most undoubted!*

Expression of support where it shows to the addressee that his idea, point of view is the most unpredictable and the speaker can never think up about this:

- *That's a good idea Whyn't you think a that before?*

- *That's a good way... Yes, that's a good way.*

- *Egad I like this Idea better that the other.*

- *Ma'am- a very great one.*

Strong consent is also expressed as the utterances which are designed to approve perfectly the addressee's point of view and make the addressee is fully right in that position he has:

- *I wisht so too.*

- *It's the bes' way. I gotta agree.*

- *I am very glad you think so ma'am.*

- *Yes that's very great Point.*

- *Aye, great Pity!*

- *Egad with all my Heart.*

There are some complex sentences with 'wish' and 'if-clause' that can express regret, wish, permission and simultaneously support intention.

- *It's awright. I wisht you didn't do it. I wisht you wasn't there. But you done what you had to do.*

- *I wish I had – for I want you to be in a charming sweet temper at this moment – to be good humour' d now ...*

- *Touched nothing'. If you're touched, I wish everybody was touched.*

- *Ah! Mrs. Candour, if everybody had your Forbearance and good nature...*

In the sentence *If you're touched, I wish everybody was touched* expresses the strong psychological support. Author used two constructions in one compound sentence: If-clause + I wish. And indefinite pronoun as *everybody* conveys the speaker's optimism toward the negative action of the addressee and promotes the recipient to the state of calm.

The speaker uses only imperative sentences to express **support in the action**:

- *Get up, old girl.*

- *Come along with those boxes...*

- *Go on.*

- *Sit down, Mr. Premium.*

Support in the action is expressed by through verbal predicate in the imperative mood in the form of the 2nd person. It is widely spread example to motivate the addressee to do some actions and make him more self-assured:

- *Come in here.*

- *Come on, come on in now. She got to see you...*

- *Come on, then over this way.*

- *Well, I got to go on. Anything you want, why, come over to the office. I'm there all the time.*

- *Come on, let's hurry.*

- *Come up.*

- *Yes? Go on.*

Interrogative sentences or word such as “well?” is used more times by author:

- *I'll tell you something...*

- *Well?*

- *I must do this...*

- *Why not?*

Exclamatory sentences expresses support in the action with their strong emotion:

- *Come on! Give it to me.*

- *You're welcome! Ma always favoured you.*

- *Get on!*

Speech act of support in the action can be expressed in two-part sentences:

- *But who's to get supper?*

- *I'll get supper. You go right ahead.*

- *We'd be proud to have ya. We ain't got much that's nice, but you're welcome.*

- *I can't, Ma. I'm so darn sore I couldn't chew.*

- *You better try.*

Support-approval is frequently used and expressed as evaluation of the act of the addressee. Evaluative declarative elliptical sentences with omission some parts of the sentence are spread in this communicative situation:

- *...I worked right beside 'em.*

- *Awright ... Good work.*

- *That sure was did nice.*

- *Nice work...*

And also this speech act is implemented in declarative two-part sentences:

- *No – Faith – to tell you the Truth 'tis a Jew and a Broker who are come by appointment.*

- *O dam it let's have the Jew in.*

- *Ah! My dear Verjuice the merit of this belong to you.*

- *You done good. You done jus' good.*

- *O.K., Al. Turn her over... Throttle down! She'll burn oil till that wire goes. Getting' thinner now... Put up the spark an' let her idle... O.K., Al Turn her off. I think we done her...*

- *You make a darn good mechanic.*

4. Results.

Due to the analysis of the syntactic means of expression of support intention syntactic patterns and communicative types of the sentences in the English language were defined.

Declarative sentences are common in use to express any type of speech act. Imperative sentences are spread in speech acts such as: psychological support and support in the action. Interrogative and exclamatory sentences are used for strengthening the meaning and giving some special color of psychological support, support-consent and support in the action (see Table 1).

Table 1.

The proportion of communicative types of sentences, expressing support intention

Communicative type of the sentences	Examples	Number of examples	%
Declarative	It's gonna be alright. You couldn't help it. That's good idea.	206	62%
Imperative	Don't worry. Keep your nerve. Come on! Get on!	98	29%
Interrogative	What you a – mopin' about? If it's such a nice place why have you got to mope? Why not?	9	3%
Exclamatory	Can't help that! Unfortunate indeed! Poor dear Girl – who knows – what her situation may be!	19	6%
General		332	100%

Personal sentences and two-part sentences are frequent in use, especially in cases when the speaker expresses psychological support and support in the action. Support approval is often expressed by two – part sentences. Elliptical and complex sentences are also the means of expressing any type of support. These sentences give the meaning of support in some special way. They are not so much as other types of the sentences but the conversation in order to support the addressee is also successful.

Table 2.

The proportion of structural-semantic types of sentences, expressing support intention

Structural-semantic type of the sentence	Examples	Number of examples	%
I. Simple sentences	Don't be angry. It's alright.	112	34%
Personal	Don't think about it. Pull yourself together.	98	30%
Nominal impersonal	It is very simple. It's true.	14	4%
II. Two – part	That's a good idea. Everything will be all right. You're a good girl	114	34%
III. Elliptical	Quiet. Gently. Easy. Very true.	62	19%

IV. Complex	I know how you feel. That's alright if we're doin' anythin'. If you're touched, I wish everybody was touched.	44	13%
General		332	100%

5. Conclusions.

Thus, there is a number of syntactic patterns of expression of support intention in the English language. Thus, declarative sentences are spread in use to express any type of speech act. Imperative sentences are spread in speech acts such as: psychological support and support in the action. Interrogative and exclamatory sentences are used for strengthening the meaning and giving some special color of psychological support, support - consent and support in the action.

Personal sentences and two-part sentences are frequent in use to express types of support intention. Elliptical and complex sentences are also the means of expressing any type of support. These sentences give the meaning of support in some special way.

References

Захарова Г.П. Психологические и языковые параметры речевого акта поддержки [Текст] / Г.П. Захарова // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. Сер. Филологические науки. – 2010. – №6. – С. 7–19.

Захарова Г.П. Лексико-грамматические средства выражения интенции поддержки в русском языке [Текст] / Г.П. Захарова // Вестник Самарского государственного университета. – 2011. – №1/2.

Каримова Б.Т. Факторы, влияющие на интенциональную взаимообусловленность речевых актов в дискурсе [Текст] / Б.Т. Каримова // Вестник ПаУ. – 2005. – №2. – С. 68–73

Barry Smith, John Searle. From speech act to social reality. Rules, meanings, facts. – Cambridge University Press, 2003.

УДК 17.07.65

АРНАУ ӨЛЕҢДЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Сейсембай Г.А.,
аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазақ әдебиетінің жанрлық даму тарихындағы арнау өлеңдердің қалыптасу, даму арналары, бастау көздері туралы қарастырылған. Қазақ және орыс әдебиеттану ғылымындағы зерттелу мәселелеріне шолу жасалып, арнау өлеңнің жанрлық түріне тән ерекшелік пен оның табиғаты жайлы ғылыми талдаулар жасалған. Арнау жанрының тарихи-әдеби процесстің әртүрлі сатысындағы сипаты зерделеніп, лирика жанрының дәстүрлі бір түрі ретіндегі мадақ жырларымен өзіндік ұқсастығы анықталды. Арнаудың мазмұны, стильдік ерекшелігі, генетикалық байланысы, тұрмыстық тақырыптан келелі тақырыпқа көшу ерекшелігі жайлы ғалымдар пікірлері сараланды.

Аннотация

В статье рассматриваются истоки, периоды развития песен-посвящений, их формирование в истории развития жанров в казахской литературе. Проведен обзор исследований в казахской и русской литературоведческой науке, научный анализ природных особенностей и жанровых видов песен-посвящений. Выделен характер жанра посвящения в различных историко-литературных процессах, определена своеобразная схожесть с традицион-

ной жанровой формой – одой. Приведены мнения ученых о содержании, стилистической особенности, генетической взаимосвязи песен-посвящений, об особенностях перехода от бытовых тем к значимым темам.

Abstract

The article observes sources, the song-dedication periods of development, their formation in the history of development of genres in Kazakh Literature. The review to the conducted researches is done in Kazakh and Russian Literary science and there is the scientific analysis which is carried out about natural features and genre types of song-dedications. The character of a genre of dedication is pointed out in various historico-literary processes, a peculiar coordination with a traditional genre form-the ode is defined. Opinions of scientists are given on the contents, stylistic feature, genetic interrelation of song-dedications, about features of transition from household to significant subjects.

Түйінді сөзде: жанр, лирика, арнау өлеңдер, жанрлық форма, мадақ өлең, диалогиялық бастама, стильдік ерекшелік, әдеби процесс

Ключевые слова: жанр, лирика, стих-посвящение, жанровая форма, ода, диалогическая инициатива, стилистическая особенность, литературный процесс.

Key words: genre, lyric poetry, genre form, ode, dialogic initiative, stylistic feature, literary process

1. Кіріспе.

Әдебиеттанудың басқа да салалары тәрізді жанрлық сипатын сөз еткенде, оның бар кезеңде, бар ақында үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, қайта дәуір, стиль т.с.с. әсерімен түрлі өзгеріске түсіп отыру мүмкіндігін алдымен діттегіміз келеді. Осы орайда белгілі орыс зерттеушісі В.Г. Белинский: «Жанрлардың шекарасы нағыз дәлдіктен гөрі шамамен айырылады. Қайткенмен де оны картада мемлекеттің шекарасын көрсеткендей саусағыңмен нұқып көрсете алмайсың. Көркемөнер қай жақтағы болсын, бір шекарасына таяна беріп, өзінің әуелгі мағынасын біртіндеп жоғалтады да, шекаралас екінші жанрмен мағыналас болады. Сөйтіп, шекаралас екі сипаттар ортақтасып екеуін жинастырады» – деген.

Лириканың жанрлық сипаты сөз болғанда да, оның тап-таза бір түрін бөліп көрсету мүмкін бола бермейтінін де жоғарыда аталған В.Г. Белинский пікіріне сүйеніп айта аламыз. Әйтсе де тап-тазасы қалған жоқ екен деп, оның шартты түрде бөлінген түрлері бар екенін де жоққа шығаруға болмайтыны анық.

Кез келген ғылым саласы тәрізді бұл мәселеге де соңғы нүкте қойылмайтынын, қойылуы мүмкін де еместігін ескерсек, мұнда да бұрыннан қалыптасқан басы ашық жанр түрлері бар да, әлі толық анықталып бітпегені, әйтсе де сол толықтыққа жету үшін де алдынала сараптауды тосып тұрған, әзірше шартты түрде ғана бөлініп жүрген жанр түрлері бар екендігін де ескерген жөн. Мәселен, мысал (басня), мұң өлеңі (элегия), мадақ өлең (ода), төрттаған (рубай), нәзира т.с.с. бұрыннан шаңырақ көтерген даусыз лирика түрлері саналады. Ал, жоқтау, арнау, айтысты т.с.с. А. Байтұрсыновтың 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» кітабынан бастап ұлттық өлең түрі, ұлттық үлгі деп қарастырып келгеніміз белгілі. Сонымен бірге ойлану (медитативті), жұмбақ, хат өлең түрлерін жанр түрі, немесе тақырып т.с.с. бойынша жіктелім үлгісі деп, қабат саралауда еш ағаттық жоқ. Осы орайда шығыс поэзиясында кең орын алған рауаят, хикаят ұғымдарын да ескермей кете алмаймыз. Соңғысының жоғарыда аталған А. Байтұрсынов кітабына енуі де тегін емес.

Сондай-ақ шығармаларды: үгіт (дидактикалық), шолу, деректі, аңыз, тұспал өлеңдері немесе махаббат, табиғат тақырыбындағы туындылар деп бөлуде жанрлық межелеумен бірге, тақырыптық ерекшелік қоса ескерілетінін де діттей отырып, қазақ өлеңдерінің жанрлық табиғатын кең саралау үшін бұлай бөлудің де ұтымды тұстары мол екендігін ескермей болмайды. (Мәшһүр-Жүсіп Қ.П., 1999, 78 б).

2. Талқылау.

Арнау - әдеби шығарманың басында берілетін, сол шығарманың кімге, қандай оқиғаға байланысты екенін көрсететін, көбінесе өлең түрінде келетін автордың сөзі.

«Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды» (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1996, 78 б.).

Арнау-тілек өлеңдердің шығу тегінің күнтізбелік әдет-ғұрыптардан күнге, айға табыну тағы басқа түрлі құбылыстарды киелі деп есептеген анимистік ұғымнан туындағанын фольклористер сенімді дәлелдеп жүр. Қазақ арнау-тілек өлеңдерінің табиғатынан да мұны айқын көруге болады. Мәселен, күнге, айға табынудың сонау Хунн дәуірінен бері бар екендігі белгілі. Бұл дәстүр кейіннен тәңірге (көкке, аспанға), жерге (умай) табынуға ұласып, әртүрлі жануарларды, түрлі құбылыстардың иесі бар деген тәрізді ұғымдарды төтемге айналдыруды, осы көне түсініктің қай-қайсысы болмасын халық санасында өз ізін қалдырып отырады. Міне, ел тұрмысындағы осындай ұғым-түсініктер, әртүрлі жолдармен балалар репертуарына да көшкен. Мысалы, қазақ арасында шаман дінінен қалған жаңа ай туған кезде оған бата жасау, тілек тілеу дәстүрі ертеден бар. Міне, осы салттың елесі балалар айтатын арнау-тілек өлеңдерден де байқалады. Мәселен, алғаш ай туған сәтте балалар: Айдың көңілі жай болсын Балалардың мінгені жорға-жорға тай болсын; Қырдан берсін, ойдан берсін, Қызыл шұнақ қойдан берсін... деп тілек айтады. Немесе сүйел, жара шыққан балалар ата-ананың кеңесімен айға қолын көрсетіп: Ай-ау, ай, Әйейімді алып, Қолымды бер, Әйейімді алып, Қолымды бер, – деп айғайлайды.

Арнау-тілек өлеңдерін орыс фольклортану ғылымында жеке бір жанр ретінде қарастыруды ұсынады. Ал В.П. Аникин бұлардың айырмашылығы бағышталған объектісінде ғана емес, орындалу формасында да, яғни «...дети выкрикивают слова закличек нараспев хором, ...а их (приговорок) произносит каждый поодиночке», – деп жазады. Бұл пікірді Э.С. Литвин де қолдайды. Кейінгі зерттеушілер де осы пікірді жандандырып жүр. Қазақ балаларының репертуарында арнау-тілек өлеңдерінің айға, күнге, табиғат құбылыстарына да, жан-жануарларға арналғандары да мол. Мәселен, бұлт арасынан жасырынған күнге балалар: Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі, шық, шық! – деп сіркіреп жауа бастаған жаңбырға: Жау, жаңбыр жау, жау, Көк биенді сау, сау, – деп айғайласа, қарақұрттың інін көргенде: Белең, белең белең құрт! Белі жуан белең құрт! Шандырыңды созармын, Тас төбеңнен ұрамын, Уытыңды жаймай шық! – деп тепсінеді. Егер осы көп құрамды арнау-тілек өлеңдерінің ішкі мазмұнына тереңірек үңілсек, күнге, айға, табиғат құбылыстарына арналған жырлардан жалбарынудың, өтіне сұранудың нышанын байқаймыз. Ал жан-жануарларға арналған жырларда өтініштен гөрі бұйыра айту сарыны басымдау. Оның себебі арнау-тілек өлеңдерінің үлкендер репертуарындағы алғашқы ерекшеліктерінде жатыр. (Тілеуова А., 2012, 136 б.).

«Қазақ халқында тәңір дінінің қалдығы әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Тәңірді пір тұтқан адам Күнді көрсе де, Айды көрсе де, қайран қала табынды, ол табиғатқа табынды, онда өзі көк, көк тәңірі деп атаған уақыт сияқты мәңгілік тылсым күштің құдіреті бар деп сенеді. Тәңір дінінің шығу тегі жалпы табиғат пен оның құбылыстарын құдірет тұтуда жатыр, – деп жазады Шоқан. (Уәлиханов Ш., 2006, 93 б.). Осы ұғым-түсінікке байланысты арбау, жалбарыну өлеңдерінің табиғатын саралай келіп профессор М. Ғабдуллин, әсіресе, табиғат құбылыстарына арналған өлеңдерде: Жандай долым, ақ бұлт, Омыраудан соқ, бұлт! Ескен желді, сұр бұлт, Еліктірмей жете көр! – деген сияқты жалбарыну, өтіну сарынының басым екендігін айтады. Сондай-ақ, – деп жалғастырады одан әрі ғалым өз ойын, – ертедегі адамдар малды немесе адамды жылан, бүйі, қарақұрт, бәленгі шаққанда әртүрлі ырым жасап арбау өлеңдерін шығарған... Қай арбауды алсақ та, улы жәндіктерге зекіру, қорқыту, бұйыра сөйлеу басым келетіні байқалады. Міне, арбау өлеңдерінде осы екі сарын балалар репертуарына да көшкен. Арбау жанры, сөз жоқ, қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрып фольклорының арналы саласы (Ғабдуллин М., 1972, 87 б.).

Арнау өлең жазу дәстүрі әдебиетімізде әріден бастау алған. Бірақ оның да өз заңдылығы болған.

Арнау жырлары, өзінің атауынан белгілі болып тұрғандай, шығарманың белгілі бір объектіге бағытталып шығарылуы. Бұл арнау жырын анықтауда басты критерия болғанымен арнау мұнымен қатар арнау жырларының өзіндік құрылысы, өлең өлшемдері объектіні қамту ерекшелігі болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Арнау жырларының шығу тегі мадақ жырларымен тығыз байланысты болғанын бұл жанрды арнайы зерттеген орыс ғалымдары да баса айтады. Адамзат тарихында қоғамдық құбылыстардың белгілі бір заңдылықпен іске асатынын ескерсек, қазақ халқының мадақ жырлары мен ежелгі рим, грек, орыс одаларының түп төркіні де бір екенін көреміз. Мысалы, ежелгі қоғамда мадақ жырлары (ода) адам өміріндегі ерекше оқиғаларды, адам батырлығын, мінез ірілігін, табиғаттың ерекше құбылысын мақтауға арнаған. Ежелгі грек ақыны Пиндардың осы тұрғыдағы өлеңдерінің кейін көп халықтың лирикаларына арқау болуы да сондықтан шығар. Ал бұл құбылыс ежелгі Римде мемлекетті, оның басшысы Августы мақтау түрінде көрініс берген. Бұл құбылыс Орхон-Енисей жазуларындағы Білге қаған, Күлтегін жырларындағы қағандықты, қағанды мақтаумен астаып жатқандығы анық.

Мұндай мадақтау өлеңдері шығыс поэзиясында "қасида" түрінде көрініс берді. "Қасыда" дегеніміз – бірнеше бәйіт бір ұйқаспен жазылатын өлең түрі, мақтау жыры. Бұл өлең түрі кезінде Фердоуси, Науаи, Мақтымұлы, Низами және т.б. ақындар шығармаларында кеңінен қолданылды. Ерте дәуір әдебиеті мен одан кейінгі кез арнау өлеңдерін саралап қарастырсақ, арнау өлеңі өзінің құрамына мадақ жырларын да, аңсау түрінде жазылған өлеңдерді де, сатиралық тұрғыдағы шығармаларды да, ағартушылық тұрғыдағы ірі шығармаларды да қамтығанын байқаймыз. Ф. Брокгауза мен И. Ефрон құрастырған "Энциклопедиялық сөздікте" арнау жанры "философиялық толғаныстан бастап, сатиралық суреттеуге дейін" кең ұғымдағы мағынаға ие екенін айтады. Бұл арнау жанры өзінің таңдап алған тақырыбы, арнаған адамына, табиғатқа байланыстылығы жағынан сан алуан екендігін, оның түрлерінің сан алуандығын көрсетеді. Бірақ бұл жерде "жанрдың ой түюі" деген мәселе ұмытылмауға тиіс. Егер олай жасамасақ кез-келген арнау сөзін арнау жанрының объектісі ретінде қарауға тура келеді. "Жанрлық толғаныс" арнау жанрының тарихи-әдеби процестің әртүрлі сатысындағы жанр түріндегі көкейтестілігін көрсетеді. Арнау жанры бұрын-соңды әдебиеттану ғылымында негізінен дәстүрлі лирика жанрының бір түрі ретінде қарастырылып келеді. Бірақ солай бола тұрса да ешкім арнау жанрының "философиялық-теориялық, дидактика-публицистикалық, махаббаттық-достық-сатиралық" табиғатын жоққа шығармайды. Ал арнау жанрының табиғатының, тақырыбының өзгеруіне негізгі себеп әлеуметтік жағдай екенін барлық зерттеушілер мойындайды. Бұл мойындау ерте кезден бүгінгі күнге дейін арнау жанры жеке объект ретінде сөз болғандығын көрсетеді. Арнау жанрының табиғатын анықтауда А. Квятковский "монологтық поэзияның ежелгі жанры" деген пікір айтады.

Қазақ поэзиясында арнау өзінің өміршендігімен көрініп қана қоймай, әр кезеңде өзіндік бет-бедерімен ерекшеленген. Сондай-ақ әрбір кезеңде ол бейнелейтін эстетикалық нысаны өзгеріп, соған байланысты уақыттың көкейтесті мәселелерін көрсететін мағынада өзгеріске түсіп отырған. Бұл айтылғандардың барлығы осы кезге дейін тарихи тұрғыда қалыптасқан әдебиет шығармалары арнау теориялық тұрғыда өз бағасын ешбір ел зерттеушілерінде алмағандығын көрсетеді. Арнау өлеңдерінің әдеби процестегі қызметі, оның басқа жанрлардан өзіндік ерекшелігі деген мәселе де әлі толық қарастырылған жоқ. Бұған екінші тағы бір себеп лириканың, соның ішінде халық лирикаларының да жанрлық ерекшелігіне теориялық тұжырым жасалмағандығынан ғой дейміз. Арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігін ашуға көмектесетін әдістің бірі – оны тарихи-әдебиеттік негізде зерттеу. Бұл тұрғыда кезінде Б. Томашевский, Б. Эйхенбаум, Л. Гинзбург және т.б. ғалымдар тарапынан істелінген еңбектер, айтылған ғылыми пікірлер көңіл аударарлық. Бұл ғалымдар арнаудың мазмұнымен қатар стильдік ерекшелігін, генетикалық байланысын, тұрмыстық тақырыптан келелі тақырыпқа көшу ерекшелігі секілді мәселелерге көңіл аударады. Бұл тұжырымдар кезінде жанрдың типологиясын зерттеуге эстетикалық тұрғыда мүмкіндік беріп, оның әдеби процестегі қызметін анықтайды. Бұл тұрғыда қазақ ғалымдары да теориялық тұрғыда еңбек етіп, А. Байтұр-

сынов, Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов, М. Жолдасбеков (ежелгі әдебиетіміздегі), М. Мырзахметов, Қ. Мәдібаева (зар заманы дәуіріндегі), Т. Қожакеев (сатирадағы), Б. Әбілқасымов (толғаулардағы), С. Медеубеков (термедегі) арнау өлеңдерінің ерекшелігін ашты. Бұрын-соңды айтылған пікірлерді тиянақтай келе, арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігі неде дегенге тоқталсақ, арнауға былайша анықтама беруге болады. Арнау – белгілі бір адресатқа (жеке, немесе жиынтық ұғымда) арналған. Ол өлең мәтінінің ішінде көрінетін, автордың белгілі бір тақырыпқа өзінің объектісімен сырласуы (философиялық, эстетикалық, қоғамдық-саяси, өмірлік шығармашылық тақырыптарға) түрінде пайда болған поэзия түріндегі шығарма. Арнау адресаты тақырыпта тура (эксплицитті) немесе жанама (имплицитті) түрде берілуі мүмкін. Екінші жағдайда кімге бағытталуы шығарма мазмұнында шақыру, өтініш, сұрақ түрінде көрінеді. Бұл шығармаға диалогиялық рең беріп, автордың ішкі толғанысын шығарма арналған объектімен бөлісуіне мүмкіндік береді. Шығарманың кез-келген поэтикалық шартында бұл жанр автордың өмірінде пайда болған ой-толғанысын, басқа да мәселелерін поэзия түрінде жеткізуге мүмкіндік беріп, белгілі бір нысананы өнер туындысының объектісіне айналдырады. (Мұқатов Н., 2008, 205 б.).

Басқа жанрлар да белгілі бір объектіге бағышталғанымен оның мақсаты басқа. Мысалы, оданың мақсаты – мақтау. Монологтың мақсаты – ой айту. Ал сатира мен эпиграмма негізінен күлкі ете отырып, объектімен диалогиялық қарым-қатынасқа түспейді. Арнау өлеңдерінің негізінде күні бұрын белгілі рөлге ие болған адресатпен диалог құру жатыр.

Белгілі объектімен қарым-қатынасқа түсу шарты арнау жанрының негізгі белгісі ғана емес, жанрлық форманы тудырушы компоненті де. Ал бұл жанрдың құрылымын ұйымдастырушы поэтикалық киімін киіндіруші десе де болады. Арнаудың мазмұны үнемі адресатқа бағышталып, оның қабылдауына лайықталады. Бұл ретте М.М.Бахтиннің: "...всякое литературное слово более или менее остро ощущает своего слушателя и отражает в себе его предвосхищаемые возражения", – дейді. Шындығында да, арнау өлеңдерінде тыңдаушыға шығарманы бағыштау өте күшті де нақты. Сондықтан да арнаудың құрылысында бірінші кезекте арнау тақырыбы, содан соң басқа белгілер көрінеді. Суырып салма поэзиясындағы арнауда айтылу интонациясы да аз қызмет атқармайды. Сондай-ақ арнаудағы сұрақ-жауап конструкциясы, императив, полемикалық-риторикалық фигуралар да жанрды құраушы компоненттер қатарына жатады. Бірақ арнаудағы диалогиялық бастама – арнау өлеңінің табиғатына терең сіңген белгі. Бұл өз кезегінде арнаудың стильдік ерекшелігін анықтайды.

Арнау өлең – түркі халықтары поэзиясына тән жанр. Арнау өлең қазақ ауыз әдебиетінде, жазба әдебиетінде ерекше орын алған. Арнауды қазақ әдебиеттану ғылымында ғылыми айналысқа алғаш енгізіп, жіктеген А.Байтұрсынов: "Арнаудың өзі үш түрлі болады: жарлай арнау, сұрай арнау, зарлай арнау" – дейді (Байтұрсынов А., 2003, 38 б.).

Бұл мәселеге орай нақтылай түсетін мәселе: А. Байтұрсыновтың арнаудың түрлерін жіктеп, талдауда оны жеке жанр ретінде қарастырмауы. Ғалым тарапынан мұндай жіктеу ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Тіл қисыны» тарауында талданған. Бұл бөлімде А. Байтұрсынов «Көріктеу» және «Әсерлеу», яғни халықаралық термин бойынша тропалар және фигуралар деп жігін айырып, құбылту мен айшықтау түрлеріне тоқталған. Олай болатын болса арнауды ол әсерлеу, яғни фигураның бір түрі ретінде атаған. Ғалым тұжырымынша арнау көріктеу құралы ретінде аталып отырғандығын ескеруіміз керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымының теория саласын түбегейлі зерттеушілердің бірегейі – З. Қабдолов. Өзінің «Сөз өнері» атты еңбегінде ғалым жалпы «лирика жанрын түр түрге бөліп жатудың өзі – шартты нәрсе. Лириканың өзін жеке дара қарау ылғи да жемісті бола бермейді» (Қабдолов З., 2006, 319 б.) деген ой түйіп, лириканың тарихи түрлеріне шолу жасап, анықтамаларын келтірген. Солардың ішінде «баллада – лиро-эпостық сипаттағы шағын сюжетті өлең дей келе, баллада өзінің даму тарихында талай өзгерістерге ұшырады: әуелде бір топ адам қол ұстасып, билеп жүріп айтатын ән түрінде көрінсе, кейін сыршыл толғау, енді бірде асқақ әуенді арнау түріне ауысты», – деп тұжырым жасаған (Қабдолов З., 2006, 319 б.).

Әдеби тек пен түр жөнінде өнімді зерттеулер жасаған С. Мақырұлы да бұл түрге қатысты тұшымды ойлар айтқан деуге болады. «Адамтану өнері» атты ғылыми маңызы зор еңбегінде: «Лирикалық шығармалар ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс-сезімдерін, оны танып, бағалауын, жалпы көңіл-күйін таныту тәсілдерінің сипатына қарай әлденеше жанрларға қарай бөлінеді: мадақ өлең, ән өлеңі, арнау, толғау, элегия, романс, сонет, гимн, сатиралық лирика т.б. Ал шығыс поэзиясының дәстүрлі жанрларына: ғазал, қасыда, рубай, бәйіт т.б.» деген. (Мақырұлы С., 2009, 133 б.).

Арнау өлең іштей жанрлық түрге жіктелгенімен белгілі бір ортаға, қауымға, жеке адамға т.б. арналып бетпе бет айтылатындықтан онда ортақ үндестік, бір жанрға тән ерекшелік айқын байқалады. Арнау өлеңнің жіктелуі негізінен тақырыптық сипатына, яғни кімге, қалай арналуына байланысты.

3. Қорытынды.

М. Әуезов «Замана толқыны тарих теңізінің жағалауына көркем өнердің баға жетпес меруерт – маржандарын қалдырды. Бұл бағзы заманнан қалған архетектуралық ескерткіштер, грек храмдары, мысыр пирамидалары, қытай сарайлары, скульптура, лағыл тастар мен мәрмәрдан жасалған кереметтер, өткен дәурен адамдарының жай – күйін аңыз етіп шертетін сурет пен музыка. Бірақ, сол асылдардың асылы – адам баласының рухы мен ақыл – ойын барша ұрпаққа паш еткен ескермес, өлмес, өшпес өлең – жыр», – деген екен. Олай болса, арнау өлеңдер де қоғамдық өзгерістермен қатар дами отырып, соны сипатқа, мәнді мазмұнға ие болып, әдебиетіміздің көркемдік дамуына сүбелі үлес қоса береді.

Әдебиет тізімі:

- Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.
Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: «Ғылым», 1972. – 258 б.
Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Жазушы» 2006. – 358 б.
Мәшһүр-Жүсіп Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 1999.
Мұқатов Н. Арнау өлеңдер. – Қостанай, 2008. – 215 б.
Мақырұлы С. Адамтану өнері. – Алматы: Арыс, 2009. – 214 б.
Тілеуова А. Арнау өлеңдерінің жанрлық табиғаты // ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №39. – 136–139 б.
Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 304 б.

УДК 17.07.41

«АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КӨРКЕМДІК КЕСТЕЛЕРІ

Сейсембай Т.Т.,
аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Мақалада қазақ халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерінің бірі болып саналатын «Айман-Шолпан» жырының көркемдік сипаты, құрылымдық ерекшелігі мен поэтикалық тілі зерттелді. Лиро-эпостық жырға тән белгілері жайлы айтылған ғалымдар пікірлері жүйеленіп, жырдың көркемдік ерекшелігі, тілдік кестелері мен композициялық құрылымы талдауға түскен. Сонымен қатар жыр мазмұнындағы тарихилық, оқиға желісіндегі нәзік юмор, сатиралық сипат зерделенген. Жырдың жазылу әдісі мен образдарды жасаудағы әдеби тәсілдердің ұтымдылығы ғылыми түрде талданады.

Аннотация

В статье исследованы поэтический язык, особенности композиции и художественное своеобразие эпоса «Айман - Шолпан», одного из прекраснейших образцов казахского устного народного творчества. Систематизированы высказывания ученых о лиро-эпической поэме, художественных особенностях и композиционном строении. Вместе с тем в содержании эпоса рассматривается историческое развитие с легким юмором и сатирическим описанием. С научной точки зрения проанализирована важность метода написания эпоса и литературных приемов создания образов.

Abstract

The article investigates poetic diction, features of composition and an art originality of the epos "Ayman-Sholpan", one of the finest models of the Kazakh folklore. The statements of scientists are systematized about the liro-epic poem, art features and a composite structure. At the same time the contents of the epos considers historical development with a light humour and the satirical description. From the scientific point of view the importance of a method of writing of the epos and literary methods of creation of images is analyzed.

Түйінді сөздер: лиро-эпос, сюжет, шығарманың поэтикалық тілі, портрет, стиль.

Ключевые слова: лиро-эпос, сюжет, поэтический язык произведений, портрет, стиль.

Key words: Lyric – epic, plot, poetic language words, portrait, style.

1. Кіріспе.

«Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті» деген екен ғұлама ғалым М. Әуезов. (Әуезов М., 1997, 3 б.).

Көшпелі халықтардың тарихына арналған очерктері мен зерттеулерінде Шоқан Уәлиханов ауызша туған жырларды бүгінгі ұрпаққа өзгеріссіз жеткізген ақындардың құйма құлақ қасиеттерін терең талдаған. «Түркі тұқымдас халықтардың ішінде ақындығы жағынан жүйрігі сірә қазақ болар», – деп өз халқының ақындық қабілетін басқа халықтардан жоғары қояды.

Қазақ халқы тудырған сөз өнерінің биік сапасын, өзіндік қасиеті мен ерекшеліктерін бағалауда Шоқан:

«Қазақтардың ежелгі жырларды, ескі аңыздарды сол күйінде өзгеріссіз сақтауы таңқаларлық, ал сол жырлардың осыншама жалпақ, шалғай даланың барлық түкпірінде бірдей, бір кітаптың көшірмесіндей сөзбе-сөз жырлануы тіпті ғажап! Осыншама керемет дәлдікке сенер-сенбесінді де білмейсің, бірақ бұл күмәні жоқ әрі мүлтіксіз шындық», – деп толғанады. (Уәлиханов Ш., 1985, 248 б.).

«Қазақ халқының өлең-жырдың құдіреттілігі мен қасиетін қаншалық қадірлегенін көрсететін ел арасында сақталған аңыз бар. Ол аңыздың мазмұнында жеті қат көкте жүретін құдіретті, қасиетті өлең әлемнің төрт бұрышын аралауға шыққанда қазақ даласының үстінен жер бауырлап өткен екен. Содан қазақ даласына ерекше дарығаны жөнінде айтылады», – дейді фольклортанушы А.А. Әбсадықов өзінің «Ауыз прозасының жанр түрлері» деген еңбегінде. (Әбсадықов А.А., 1994, 2 б.) Шынында да қазақ халқының бойына біткен ерекше дарын, бізге жеткен ауыз әдебиеті мұраларының молдығы кімді болсын таңдандырмай қоймайды.

Осы халық аузында ауызша түрде сақталып, ғасырдан ғасырға жеткен, ұрпақтан ұрпаққа құнды мұра болып қалған өлең-жырлардың тарихи маңызы – өз алдына зерттеуді қажет ететін мәселе. Ауыз әдебиетінің тарихи мәні туралы ғалым Ә. Марғұлан былай дейді:

«Ғасырлар бойы сахарада айтылып келген ертегі-жырды, аңызды, әңгімені ең алғаш шығарып таратқан көшпелі түркі тектес елдер. Олардың ішінде жұртшылық жүрегінен белгілі орын алып, тарихта көрнекті ат қалдырғандар үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар, одан бергі оғыз бен қыпшақтар, қарлық, керей, наймандар еді. Бұл елдердің ішінде ұйғыр мен қырғыз жұрты болмаса, өзгесінің барлығы тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бертін келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болды. Сондықтан, бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымының іздері де, соның ішінде халық жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері, жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі сахараны үздіксіз қоныс еткен, олардың түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталды» (Марғұлан Ә., 1985, 352 б.).

2. Талқылау.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың бірі – М.Ғабдуллин лиро-эпостық жырлардың батырлар жырынан ерекшелігі туралы: «...батырлар жырының басты тақырыбы, күрделі әңгімесі – ел қорғау жайы болса, лиро-эпостық жырлардың одан біраз айырмашылығы бар сияқты. Ең алдымен, бұл алуандас жырлардың оқиғасы халықтың ертедегі жалпы әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты туған. Онда көбінесе бір-біріне ғашық болған жұбайлар жайы, олардың қуанышы мен арман-мұны, қайғы-шері суреттеледі. Және де өткен заманда жастардың бас бостандығы болмағандығы, олардың арман-мүдделеріне жетуі, сүйгендеріне қосылуы жолында көптеген бөгеттердің кездескендігі, ол бөгеттерді жеңе алмай ауыр аза, зор қасіретке ұшырағандықтары жырға қосылады», – деген пікір білдіреді (Ғабдуллин М., 1974, 255 б.).

Лиро-эпос жырларының қай мезгілде пайда болғанын кесіп айту қиын. Өйткені олар кезінде қағазға түспеген және басқа да жөнді дерек сақталмаған, тек ұрпақтан ұрпаққа ауызша айтумен ғана сақталып келген.

Оқиғасы кейінгі дәуірлерден алынған эпостық жырларының бірі – «Айман-Шолпан».

«Айман-Шолпан» жырының XIX ғасырда туғандығы туралы тұжырым көпшілік ғалымдарымыздың тарапынан айтылған екен. М. Әуезов жыр жөнінде: «Жырдың Көтібар, Есет сияқты кейіпкерлері өткен ғасырдың орта шенінде өмір сүрген адамдар екендігіне қарап дастан сол тұста немесе содан кейінгі кезеңде туған деп байлам жасауға болады», – дейді (Әуезов М., 1997, 45 б.). Сонымен қатар, М. Әуезов жырдың халық арасына көп таралуының сыры оның образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде деп көрсетеді: «Көркемдік қасиеті жағынан қазақ эпосының үздік үлгілері саналатын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» немесе «Қыз Жібек» жырындай болмағанымен, «Айман - Шолпан» - халық арасына ең көп таралған дастандардың бірі. Сірә, мұның сыры жырдың образдық-сюжеттік негізінің өмірден алынған шынайылығында, реалистік ерекшелігінде болса керек» (Әуезов М., 1997, 45 б.).

Әдебиетші - ғалым Қ.Жұмалиев «Айман - Шолпан» жырының оқиғасы Исатай мен Махамбет бастаған халық көтерілісінен кейін туған, – дейді. Ал филология ғылымдарының кандидаты Ә. Қоңыратбаев «Қазақ әдебиетінің тарихына» (Қоңыратбаев Ә., 1991, 207 б.) жазған еңбегінде бұл жырдың XIX ғасырдың орта шенінде туғандығын айтады. М. Ақынжановтың айтуына қарағанда, бұл жыр өткен ғасырдың екінші жартысының бас шенінде, яғни Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталған кезде, туған. Бұлардың қайсысы болса да жырдың нақтылы шыққан мезгілін дәлдеп айтпағанымен де, оқиғасы шындық өмірден алынғандығын анықтайды.

Жалпы жырдың туындау кезеңі XIX ғасыр деген тұжырыммен М. Ғабдуллин де келіседі. «Айман - Шолпан» халықтық жыр және ол XIX ғасырдың 70 жылдарында шығарылған секілді. Жырдың оқиғасы осы кездегі қазақ елінің тұрмысында, әлеуметтік-қоғамдық өмірінде болған жаңалықтарды суреттеу идеясынан туған деуге болады» – дей келе бұған бірнеше дәлелдер келтіріп кетеді.

Жырдың сюжеттік желісінде көрінетін әлеуметтік астар туралы 30-жылдары әдебиет алыптары М. Әуезов пен С. Мұқанов пікір таластырған. Бұл туралы С. Мұқанов: «Айман –

Шолпанда» үлкен бір жиында Маман деген байдың Көтібар батырды қорлағаны, оған ашуланған батырдың Маманның Айман мен Шолпан деген екі қызын тартып алумен бірге байды шауып кетуі сөз болады. Отызыншы жылдардың аяғында осы жыр төңірегінде марқұм М.Әуезовпен баспасөз бетінде пікір таластырғаным бар. Сонда, меніңше, Көтібардың қылығы рушылдық қара дүрсінділікке жатқанымен, оның негізінде әлеуметтік астар, яғни байдың қорлығына кедейдің қарсы қимылы бар. Мен әлі сол пікірдемін», – дейді. 1939 жылы жазылған «Жақсы сынға жан пида» атты пікір алысу ретінде жазылған мақаласында Мұхтар Әуезов С. Мұқановтың халық мұрасын игеруге байланысты «Айман–Шолпан» сценариіне айтқан сынына қарсы жауап айтып, ол сынның бірбеткей қияс кеткендігін атап көрсеткен еді.

Жырдың көркемдік ерекшеліктерін Ә. Қоңыратбаев және Ы. Дүйсенбаев жан-жақты зерттеген болатын.

Жырдың бізге жеткен нұсқасы мен жариялануы жөнінде ғалым Ы.Дүйсенбаев та: «Қазір бізге мәлім «Айман - Шолпан» жырының жалғыз ғана нұсқасы бар. Оның өзі революциядан бұрын бес рет басылып шыққан. Кейін осы нұсқа сол қалпында совет жылдарында да сан рет баспа жүзін көрді», – деген. (Дүйсенбаев Ы., 1973, 107 б.).

«Қазақ халық әдебиеті» деп аталатын зерттеуінде (баяндама) Х.Досмұхамедов халық әдебиетінің классификациясын 46 түрге топтастырып, біз қарастырып отырған жырды лирика-эпикалық сипатты тұрмыстық жырлар (бытовые поэмы) қатарына жатқызған: «Батырлық және тарихи поэмалармен қатар қазақ әдебиетінде лирика-эпикалық сипаттағы тұрмыстық жырлар да («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман - Шолпан», т.б.) бар. Бұл жырларға жеке бір адамдардың көңіл-күйі күйініш-сүйініші арқау болғанмен, сонымен қатар қазақтардың тұрмыс-тіршілігі де жан-жақты суреттеледі». (Досмұхамедұлы Х. Аламан, 1991, 27 б.).

Ал ғалым Ә. Қоңыратбаев жырдың жанрлық түрі туралы ойын:

«Айман – Шолпанның» жанрын «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек» жырларына ұқсаған нағыз романтикалық-ғашықтық эпос үлгісі демесек те, Көтібарға олжа болатын қазақтың жазықсыз қыздары Айман мен Шолпан тағдырына қарап, оны лиро-эпосқа жатқызамыз. Өйткені жырдың бас тақырыбы қазақ қызының басындағы теңсіздік екенін аңғару қиын емес...», – деп түйіндейді.

«Тегі осы атына байланысты болса керек, біз «Айман - Шолпанды» лиро-эпос жанрына қосып, көптен бері зерттеп келдік.

«Айман - Шолпан» жырының оқиғасы бұлдыр замандарға кететін аңыздық-ертегілік сюжет емес. Оның оқиғасы ХІХ ғасырдың І жартысындағы қазақ өмірінің шындығынан алынған. Айман мен Шолпанды барымта жолымен олжалайтын Көтібар – тарихта болған адам. Көтібар, Есет, Бекет, Арыстандар ХІХ ғасырда шектінің ірі батырлары болған.

Көркемдік дегенді шығарманың бүкіл компоненттерінің бірлігінен, үйлесім-келісімінен іздеуіміз керек.

«Айман - Шолпан» – композициялық құрылысы, оқиғаны баяндауы жағынан өзіндік ерекшелігі бар жырдың бірі. Жырдың басты ерекшелігі – оқиғаны шиеленіскен тартысқа құруында. Оның қандай әңгімесін алсақ та үлкен тартысты көреміз. Мұның өзі жыр оқиғасын әрі қызықты, әрі әсерлі етеді. Көтібар мен Маман, Айман мен Көтібар, Теңге мен Айман арасындағы тартыс, қақтығысуларды суреттеу арқылы жыр оқиғасы дами түседі.

Екіншіден, жыршы ақын жағымсыз кейіпкерлерді суреттегенде, олардың мінездерін, іс-әрекеттерін күлкі, мазақ ете, сықақтай сипаттайды. Маманның байлығын айтып шіренуі, Көтібардың «батырмын» деп кеудесін соғуы – жырда ащы мысқыл, келекеге айналады.

«Жырдың құрылысы, бейнелер жасау әдісі, тіл ерекшеліктеріне тоқталсақ, ақын негізінде ескіден келе жатқан дәстүрден шықпаған, көп жерлерде де ескі жырдың түрін, диалог қолдану үлгілерін кеңінен пайдаланған. Сырт қарағанда кейіпкерлердің бейнелерін беруде де онша жаңалық бірден көзге түсе қоймайды. Әйткенмен үңіле түскендей болсақ, көптеген жаңалықтарды, ауыз әдебиетінен көп жерлерде қол үзіп, жазба әдебиетінің дәстүріне ауа

бастаушылықты немесе сол жазба үлгінің әдісіне бой ұрушылықты ап-айқын көреміз», – дейді жырдың көркемдік ерекшелігін терең зерттеуші ғалымдарымыздың бірі Ы. Дүйсенбаев.

Жырдың құрылысы өте шебер жасалған. Оқиғаның басталуы, даму сатысы кемеліне жетіп барып, түпкі түйіннің шешілуіне дейін оқушыны жалықтырмай үнемі өзіне тартып, қызықтырып отырады.

